

Өлмес өмір өлеңі

Қасым Аманжолов

«Ез тірліктен ер өлім
Артық екен, дер едім...
Шіркін, тірлік жақсы ғой,
Түсірмесең беделін».

Деп кірді ол майданға.
Өтті құздан, сайдан да...
Тірлік туы жығылды
Табаны бір тайғанда.

Ақтық рет күш жыйып,
Күліп еді-ау, жымыйып.
Қайран өмір сәулесі
Келбетінде қалды ұйып.

Тоңазыған болаттай
Тұнып, бір кез оқ атпай,
Тұрды қоршап достары
Ажалды оған жолатпай.

Командирі сөйледі:
— Шіркін, сабаз ер! — деді.
Мықтап тұрып бір түйді ол
Ұзақ жолын жердегі.

Жер денесі шымырлап
Елжіреді күй тыңдап.
Жауға ұмтылды достары
Кеудеде кек бұрқылдап.

Сызды жерде тас бауыр
Гүл бөленді жас қабыр.
Қалды жатып қайран ер,
Өмір жасап басқа бір...

Алпысты артқан арқаға
Қалды артында қарт ана,
Енді қалған өмірін
Жылай таусып сарқа ма?

«Мүмкін, тірі жүр шығар»
Деп жұбанды сұлу жар, —
Дәл осылай жадырап
Жаңбырдан соң күн шығар.

Көңілінде басқа күй, —
Уілдейді жас сәби;
Әкесі кеп енгендей,
Нұрға толды бастағы үй...

Өлуші ме ед, ер шіркін!
Сілкінді ол бір дүркін.
Келе жатты аралап
Өзі туған ел-жұртын.

Көсеміне ол барыпты,
Алтын жұлдыз алыпты...
Келді таяу үйіне
Ертіп бүкіл халықты.

Жар жүрегі дірілдеп,
Ұмтылды ана «ұлым» деп.
Арасында бұлардың
Тұрды батыр күлімдеп, —

Тұрды қарап тіл қатпай,
Қысылғандай сөз таппай,
«Өлмес үшін бір өлдім»
Деген ойын тұрды айтпай.

1948.